

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 969 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 ақпан N 98. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.13. N 383 қаулысымен. ~P000383

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың Тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 969 P980969_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 34, 313-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың тәртібінде:

17-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"лицензиаттарға жеке тұлғалардан түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдауға тыйым салу".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.

